

## **14 - МОДУЛЬ. ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН ТҮЛҒА ҚҰРЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕУ**

### **14 – ДӘРІС. ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Оқытушы Айдосова Ж.**

Әлеуметтік интеллект мәселесі шетелдік және отандық ғалымдар еңбектерінде теориялық және тәжірибеліктұрғыдан жан-жақты зерттелді.

Олардың басым бөлігінде әлеуметтік интеллектіге адамның өзінің және өзгелердің мінез-құлқын бара бар түсіну және бағалау қабілеті деген анықтама беріледі. Бұл қабілет тиімді тұлғааралық байланыстарды орнату және табысты бейімделу мәселелерін шешеді.

Өзіндік жауапкершілікті сезінуі жағдайға қарамастан әрекетке даяр болуы, әрекетке қатысын ұғына білуі, өзін немесе қоршаған ортаны өзгертуге даяр болу әлеуметтік интеллект біліктіліктері болып табылады. Бұл жауапкершілік конструктивті іс-әрекеттің, субъект белсенділігінің, оның үнемі дамуының алғы шарты болып есептелінеді, ал кез келген қорғаныс әрекеттерін (қашу, мәселені жоққа шығару, агрессия) қолдануға тырысу жауапкершіліктен құтылуға тырысу болып табылады.

Әлеуметтік интеллект – адамдар мінез-құлқын дұрыс түсіну қабілеті. Бұл қабілет тұлғааралық өзара әрекеттің нәтижелілігі мен сәтті әлеуметтік бейімделуі үшін қажет.

Интеллекттік жүйенің құрылымдық өзгеруі өмірлік факторлардың ықпалымен болады, оның себебі тұтастай жүйе ретіндегі интеллектінің сапалы өзгерісі.

Бұл факторлардың арасынан адамның онтогенетикалық дамуында оқыту мен еңбек іс-әрекеті шешуші рөлге жатады.

Интеллект жүйесінің күрделілігі төмендегі байланыстарды көрсетеді: логикалық ойлау және мағыналы ес; логикалық ойлау мен бейнелі ес; вербалды және вербалды емес ойлау; практикалық ойлау, есте сақтау көлемі және зейін; ойлаудағы тұжырымдау деңгейі және ақпарат көлемі.

Әлеуметтік интеллектінің алғашқы моделінің бірі -Ф.Е. Вернон (1933ж.) моделі. Оның құрамына келесі қабілеттер жатады:

1. Адамдармен жалпы тіл табыса білу;
2. Өзге адамдар ортасында өзін еркін және жеңіл ұстауға мүмкіндік беретін әлеуметтік әдістер жиынтығы;
3. Әлеуметтік тақырыптар мен мәселелерді білу;
4. Әлеуметтік топ мүшелерінен қабылданған стимулдарға сезімталдық және бейтаныс адамдардың көңіл-күйі мен тұлғалық ерекшеліктерін түсіну.

Дж. Гилфорд және М. Салливан (1965ж.) әлеуметтік интеллект құзыреттерін келесі қабілеттермен толықтырды:

1. Адамдардың ішкі менталды күйлерінің сипатын түсіну;
2. Адамдардың ішкі менталды күйлерін ұқсастығы бойынша топтастыра білу;
3. Іс-әрекеттер арасындағы маңызды байланыстарды орната білу;
4. Әлеуметтік іс-әрекет тіркесін түсіндіру;
5. Әлеуметтік іс-әрекет өзгерістеріне бара бар жауап беру;
6. Іс-әрекет контекстіне байланысты болашақ өзгерістерді болжау қабілеті.

В.Н. Куницына (1995ж.) моделіне сәйкес, әлеуметтік интеллект құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

1. Тұлғалық коммуникативті әлеует – қарым-қатынасты жеңілдететін немесе қиындататын қасиеттер жиынтығы;
2. Өзін-өзі ұғыну сипаттамасы: өзін-өзі бағалау, құрметтеу, идеяларға ашықтық пен еркіндік;
3. Әлеуметтік қабылдау, әлеуметтік ойлау, әлеуметтік қимыл және түсіну – адамдардың мотивтері мен әлеуметтік құбылыстарды түсінуге бағытталған қабілет;
4. Энергетикалық сипаттама: физикалық және психикалық төзімділік, белсенділік.

Осы теорияларды салыстыра талдасақ, әлеуметтік интеллектінің басты құрылымы өзгелерді түсіну мен олардың іс-әрекеттеріне сай ілгері қарым-қатынас құру қабілеттерінен тұрады.

I. Бұл қабілеттер әлеуметтік табыстылыққа қалай жеткізеді?

Американдық психологтар пайымдауынша, жалпы интеллект 20% ғана табыстылықты қамтамасыз ете алады.

Қалған 80% – әлеуметтік қабілеттерге байланысты. Әлеуметтік интеллект дәрежесі көшбасшылық қабілетімен тығыз байланысты.

Дәстүрлі түрде көшбасшылық қасиеттерге ие тұлға нәтижелерге қол жеткізудің нақты жоспарын құра білетін және оны іс жүзінде іске асыра білетін стратег ретінде қарастырылады. Алайда көшбасшы рөлі мұнымен аяқтала қоймайды.

Оның алдында әрқашан тұратын басты міндеттердің бірі өз идеясымен қол астындағы адамдарды еліктіре білу, бүкіл ұйым немесе компания ішінде қажетті эмоциялық күйді тудыра білу болып табылады.

Өзінің ішкі дүниесі мен компанияның корпоративті рухын басқара алатын кез келген басшы бизнесте толағай табыстарға жете алары сөзсіз. Нарықтық қарым-қатынас талабы бойынша, пайданың 10% - идеяны жасап шығарған адамға берілсе, қалған 90% - сол идеяны сатқан адамға беріледі.

Сондықтан, қарым-қатынастағы біліктілік әлеуметтік өмірде зор табыстың негізгі шарты болып табылады.

**14-дәріс бойынша тексеру сұрақтары, сіз өз біліміңізді тексеріп бекіте аласыз:**

- 1.Әлеуметтік интеллект деген не?
- 2.Әлеуметтік табыстылықты қалай түсінесіз?
- 3.Әлеуметтік табыстылықты психологиялық сипаттамасын талдаңыз
- 4.Әлеуметтік интеллект туралы зертеулерді атаңыз

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

**Негізгі:**

- 1.Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни,-М.,1991.-Социальная педагогика:Учеб.пособие для студ. высш. Учеб. заведений/Под общ.ред.М.А.Галагузовой-М.:Гуманит.изд.центр ВЛАДОС,2003
2. Бобнева М.И. Психологические проблемы социального развития личности // Социальная психология личности / отв. ред. М.И. Бобнева,Е.В.Шорохова. – М.: Наука, 1979. – С. 35–63.
- 3.Куницына В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. – СПб.: Питер,2002. – С. 469–474
4. Леонтьев А. А. Психология общения. М.: Смысл, 2002. 365 с

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Лунёва О.В.Основные модели социального интеллекта. - Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова, - 2012. – С. 44-47
- 2.Савенков А.И. Социальный интеллект как проблема психологии одаренности и творчества //Психология: Журнал Высшей школы экономики. –2005. – Т. 2. – № 4. – С. 94–101.
- 3.Ушаков Д.В. Социальный интеллект как вид интеллекта // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / под ред. Д.В. Люсина,Д.В. Ушакова. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2004. – С. 11–28.
- 4.Hendricks, M., Guilford, J.P., & Hoepfner, R.(1969) Measuring creative social intelligence. Reports from the Psychological Laboratory, University of Southern California, No 42.

**Интернет ресурстар:**

- 1.<http://www.psychology.ru>
- 2.<http://www.flogiston.ru>
- 3.[http://www.colorado.edu/VC\\_Research/integrity/human\\_research/CITI.htm](http://www.colorado.edu/VC_Research/integrity/human_research/CITI.htm)
- 4.Cyber Bear (<http://cyberbear.umt.edu>)
5. [hs.umt.edu](http://hs.umt.edu) > psychology